

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Аютас ауылдық округі Ақанбарак ауылының көшесін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Аютас ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 мамырда № 7512-15 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және 2022 жылғы 08 шілдедегі Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Аютас ауылдық округі Ақанбарак ауылының Центральная көшесі Еркін Әуелбеков көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Шаинов